

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ

**Азаматтық қорғау республикалық
оқу-әдістемелік орталығы**

**Қауіпті өндірістік объектілердің басшылары
мен мамандарына арналған «Азаматтық
қорғау бойынша оқу құралына»**

ҚОСЫМША
(7-шығарылым)

Алматы қ. – 2019 ж.

«Қауіпті өндірістік объектілерге арналған азаматтық қорғаныс бойынша оқу құралының» бұл қосымшасын ҚР ІІМ ТЖК Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығының авторлық ұжымы құрастырды және әзірледі.

Материалдар жинағы оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету үшін және Орталық тыңдаушыларын «қауіпті өндірістік объектілердің басшылары мен мамандары» санаттары бойынша дайындауға арналған, сондай-ақ аталған санаттардың өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында пайдалануы үшін ұсынылған.

Оқу құралына енгізілген барлық материалдар, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы ҚР нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес келеді, аталған саладағы ҚР заңнамаларына енгізілген қосымшалардың және соңғы өзгерістердің бәрі енгізілген.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы ҚР негізгі нормативтік-құқықтық актілері қосымша ретінде (DVD дискіде) электронды тараушыда ұсынылып отыр.

Аталған оқу құралына ҚР Әділет министрлігінен авторлық құқыққа куәлік берілген.

МАЗМҰНЫ:

№123-тақырып: «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілері»	3
№124-тақырып: «Өндірістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету»	11
№125-тақырып: «ҚАУІПТІ өндірістік объектілерінде авариялар болған кезде халықты қорғауды ұйымдастыру»	15
№ 126-тақырып. Теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспары	18
№127-тақырып: Қауіпті өндірістік объекті қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау	25
№128-тақырып: «КӘСІБИ авариялық-құтқару қызметі және құрылымдарының, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдардың қызмет көрсету қағидалары	29
№129-тақырып: «Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету»	33
№130-тақырып: Азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырудың жалпы тәртіптері	38
№ 131-тақырып: «ҚӨО авариялар және оқыс оқиғалар есебі және тексеру жүргізу тәртібі»	45
№132-тақырып: Қазақстан Республикасының «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Заңы	49
Аталған оқу-әдістемелік материалдарының қосымшасы ретінде DVD дискіге енгізілген өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілер тізімі	53

№123-тақырып: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ»

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы

Бұрын өндірістік қауіпсіздік саласындағы реттеуші құжат ҚР «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы» 2002ж. 3 сәуірдегі №314-ІІ Заңы болды – ұзақ уақыт бойы көптеген даулар туындады, көптеген мақалалар бір-біріне қарама-қарсы жазылғандықтан бірқатар ұғымдарды түсіндіру бостандығына жол берілді, сондықтан 2014 ж. 11 сәуірде оның орнына №188-V бұйрықпен бекітілген ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы келді.

Өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік аспектілерін біріктірген біртұтас «Азаматтық қорғау туралы» Заңы Қазақстан заңнамасын Евразиялық экономикалық одақтың және халықаралық құқықтың тиісті стандартына жеткізуге ұмтылғандығымен ғана түсіндірілмейді, негізгі мақсат болжамның тиімділігін арттырумен, болуы ықтимал өндірістік авариялардың, дүлей зілзалалардың, техногендік апаттардың, экологиялық теңдіктің бұзылуының алдын алумен және жоюмен тұжырымдалатын, қоршаған ортаның және адамның қауіпсіздігін бақылау мен қамтамасыз етуге жүйелі тәсілдерді қолданудың мақсатқа сәйкестігімен түсіндіріледі.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы» заңында кездесетін «өнеркәсіп қауіпсіздігі» және «қауіпті өндірістік объектілер» анықтамаларындағы барлық қарама-қайшылықтар алынып тасталған; қандай кәсіпорындар Заңмен қамтылатыны және сарапшының және өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша мемлекеттік инспектордың біліктілік бейіні қаншалықты кең болуы керектігі; өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен қауіпті өндірістік объектілердің саны мен мөлшердегі өзара қатынастары нақты анықталған.

Аталған Заң қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың алдын алуға және қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың көрсетілген авариялардың салдарларын жоюға және оқшаулауға дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Азаматтық қорғау туралы» Заң (бұдан ары қарай - Заң) келесідей негізгі түсініктерді береді:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік – жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі;

- авария – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

- оқыс оқиға – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе зақымдануы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіде технологиялық процесс режимінен ауытқу.

Осы Заң өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы атқарушы билік органдарын анықтайды және оларға тиісті нормативті реттеуді, сондай-ақ арнайы шешілетін, бақыланатын және қадағалау функцияларын жүзеге асыруды жүктейді.

«Азаматтық қорғау туралы» заңның іс жүзінде экономиканың және өнеркәсіптің барлық саласына таралатын және оларға жалпы өндірістік бақылау орнатушы юрисдикциясы, тиісті техникалық регламенттердің, талаптардың, әдістемелік көрсеткіштердің және ұсыныстардың арқасында негізді, ақылға қонымды болды.

«Азаматтық қорғау туралы» Заңында басты назар заңды тұлғаны өнеркәсіп саласында жұмыс жүргізу құқығына аттестаттауға және технологияны, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды, жарылғыш заттарды және жарылыс жұмыстарына пайдаланатын, соларға негізделген өнімдерді қолдануға, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюға және есептен шығаруға, сондай-ақ құрылысқа, кеңейтуге, қайта салуға, модернизациялауға, консервациялауға және қауіпті өндірістік объектілерді жоюға жобалар құжаттамаларымен келісуге рұқсат беруге аударды. Қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын тіркеуді қоса, аталып өткен мемлекеттік қызметтерді, уәкілетті орган 2014ж. 30 мамырдағы ҚР Үкіметінің №586 Қаулысымен бекітілген стандарттар негізінде жүзеге асырады.

ҚР-ның өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы өзге де негізгі нормативтік-құқықтық актілері

Сонымен қатар, қауіпті өндірістік объектілердің мамандары нормативтік-құқықтық құжаттардың өзге де қолданыстағы тізімдемелерін басшылыққа алуға міндетті:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №299 бұйрығы «Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық

Аталған оқу-әдістемелік материалдарының қосымшасы ретінде DVD дискіге енгізілген өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілер ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңынан үзінді;

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 «Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы №182, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 мамырдағы № 374 «Теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрі м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 «Қауіпті өндірістік объектінің қауіпінің жалпы деңгейін анықтау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

5. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 «Мұнай және газ өндіру салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

6. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы 353 «Қауіпті өндірістік объектілерді идентификациялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

7. Қазақстан Республикасы энергетика Министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі №157 «Мұнайдың теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында авариялық төгілуін жою әдістерін қолдану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 341 «Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 345 «Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Машиналарға немесе жабдықтарға монтаждау немесе жөндеу жүргізілгеннен кейін оператор (персонал), егер техникалық құжаттамада жұмыстың тиісті түрлеріне көзделсе, машиналар мен жабдықтардың қатеріне бағалау жүргізуге тиіс.

Техникалық құжаттамаға сәйкес келмейтін, жөнделген машиналар мен жабдықтар техникалық регламенттерге сәйкес келген жағдайда пайдаланылуы мүмкін.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қауіпті машиналар мен жабдықтарға не жатады?
2. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?
3. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін субъектілер неге міндетті?
4. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін субъектілердің құқықтары қандай?
5. Машиналардың конструкциясына өзгертулер енгізу кезінде қауіпсіздік бойынша талаптар төмендетіле ме?

қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»;

2. 2015 жылғы 28 сәуірдегі ҚР ИДМ «Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттаудың мемлекеттік қызмет стандарты» туралы № 511 бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 864 «Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін бекіту туралы»;

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 341 «Қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қаңтардағы «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы» Қаулысы;

6. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 305 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Заңы;

7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 «Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 342 «Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

10. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 «Мұнай және газ өндіру салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

11. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің

2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 «Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

12. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 346 «Қара, түсті, бағалы металдардың балқымаларын және осы металдардың негізінде алынатын қорытпаларды өндіру бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

13. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 344 «Өсімдік шикізатын сақтау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

14. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 351 «Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

15. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 345 «Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

16. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 «Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

17. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 348 «Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

18. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 356 «Теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

19. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 349 «Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жалпы талаптар

Осы Заңның күші қолданылатын машиналар мен жабдықтар осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген, адам өмірі мен денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Машиналар мен жабдықтарға бірнеше техникалық регламент күші қолданылатын жағдайларда, мұндай машиналар мен жабдықтар үшін өздеріне қатысты барлық техникалық регламенттің талаптары орындалуы қажет.

Машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі:

1) Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтар қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау;

2) машиналар мен жабдықтардың Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау;

3) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу шараларын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Машиналар мен жабдықтардың өмірлік циклінің барлық сатыларында осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздіктің барлық талаптарының орындалуын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Егер машиналар мен жабдықтардың өмірлік циклінің әрбір сатысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сынақтар кешенін жүргізу қажет болса, онда олар жобалау құжаттамасының барлық талаптары орындала отырып, толық көлемде жүргізілуге тиіс.

Машиналар мен жабдықтарды монтаждау, пайдалану және жөндеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар

Машиналар мен жабдықтарды монтаждауды, пайдалануды және жөндеуді жүзеге асыру кезінде техникалық регламенттер, жүйеге арналған жобалау құжаттамасы және машиналар мен жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

Машиналардың немесе жабдықтардың конструкциясына өзгерістер енгізу кезінде олардың техникалық құжаттамасында белгіленген қауіпсіздік жөніндегі талаптардың төмендетілуіне жол берілмейді.

Машиналарды немесе жабдықты жөндеуді жүзеге асыратын тұлға өндіруші техникалық құжаттамада белгілеген, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жобада айқындалған барлық шаралар кешенін орындауға міндетті.

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілердің құқықтары мен міндеттері

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілердің:

- машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы дәйекті ақпаратты уақтылы алуға;

- машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес еместігі туралы арызбен уәкілетті органдарға жүгінуге құқығы бар.

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне жауапты субъектілер:

- Қазақстан Республикасының машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға;

- машиналар мен жабдықтарға байланысты қатерлерді болғызбау немесе азайту мәселелері бойынша уәкілетті органдармен ынтымақтастық жасасуға;

- пайдаланушыларға, сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарға олардың талап етуі бойынша машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды беруге;

- пайдаланушының ықтимал қатерлерді бағалауы және оның тиісті қауіпсіздік шараларын қолдануы үшін қажетті машиналар мен жабдықтарды пайдалану жөніндегі мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі нұсқаулықпен және басқа да ақпаратпен қамтамасыз етуге;

- машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін оларды жобалау, жасау, сақтау және тасымалдау процестерінде, сондай-ақ өндіруші қатысатын жөндеу, техникалық және сервистік қызмет көрсету, жанарту және тарату жағдайларында бақылауды қамтамасыз етуге;

- егер де машиналар мен жабдықтардың қауіпті сипатты алуына әкеп соққан бұзушылықтарға жол берілген жағдайда, оларды шығару процестерін дереу тоқтатуға, олардың, сатып алушылардан (пайдаланушылардан) кері қайтарып алынуын және сараптама жүргізуді қамтамасыз етуге, содан кейін бұзушылықтарды жоюдың шараларын қолдануға немесе қажет десе оларды кәдеге жаратуды немесе жоюды ұйымдастыруға;

- машиналар мен жабдықтардың осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайда, пайдаланушының уақтылы және тиімді ескертілуін, сондай-ақ оларды кері қайтарып алуға дейін қажетті іс-шаралар қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

20. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 297 «Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

21. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 301 «Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

22. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 302 «Бериллий, оның қоспалары және олардан бұйымдар өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

23. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 298 «Фторсутекті қышқылды өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

24. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 «Жүк көтергіш механизмдегі пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

25. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 360 «Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

26. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 «Магистралдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

27. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 «Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

28. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 347 «Кәсіби авариялық қызметтері мен құрылымдарының қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

29. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 «Қауіпті өндірістік объектінің қауіпінің жалпы деңгейін анықтау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

30. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 33 «Магистралды газқұбырларын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

31. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы №1265 «Ағаш конструкциясының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қаулысы;

32. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы №1198 «Темір-бетон, бетон конструкциясы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қаулысы;

32. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1351 «Басқа материалдардан жасалған конструкциялар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қаулысы;

33. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы №1219 «Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қаулысы;

34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы №1353 «Металл қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қаулысы;

Өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттер және қағидалар

Басқа құжаттардың арасында Қазақстан Республикасы заңдарына және нормативтік-құқықтық актілеріне қайшы келмейтін, азаматтық қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптары мен шарттарын мазмұндайтындырды төмендегіше ерекшелеуге болады:

- өнеркәсіпті бақылау туралы ереже;
- жабдықтауға техникалық паспорт;
- жабдықтауды эксплуатациялау бойынша басшылық;
- технологиялық регламенттер;
- кәсіпорындар стандарттары;
- салалық нормалар мен қағидалар.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі – техникалық регламенттерде белгіленген өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарын, өнеркәсіп қауіпсіздігі қағидаларын, Қазақстан Республикасының нұсқауларын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерін қамтамасыз етуді қадағалауға бағытталған.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі келесі жолдармен қамтамасыз етіледі:

- Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамаларынан басқа,

№132-тақырып: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ»

Заң машиналар мен жабдықтарға, олардың өмірлік циклі процестеріне қойылатын талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді және адам өмірін, денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға кепілдік беру үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

ЖАЛПЫ ҰҒЫМДАР:

- жабдықтар - машинаға орнатылатын және машиналардың негізгі және (немесе) қосымша функцияларын орындау үшін, сондай-ақ оларды біртұтас кешенге біріктіру үшін қажетті техникалық құрылғы;

- машина - ең болмаса біреуі қозғала алатын өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратын, энергияны, материалдарды және ақпаратты өзгертуге арналған техникалық құрылғы немесе құрылғылар жиынтығы;

- жол берілмейтін қатер - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, машиналар мен жабдықтардың адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздік деңгейінен асатын қатер;

- жол берілетін қатер деңгейі - машиналар мен жабдықтардың техникалық регламенттерде және жобалау құжаттамасында белгіленген қауіпсіздік деңгейі;

- қауіпті машиналар мен жабдықтар - адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіп төндіретін және осы Заң мен техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес емес дел танылған машиналар мен жабдықтар.

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың мемлекеттік жүйесі

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың біртұтас мемлекеттік жүйесін:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) индустрия және сауда саласындағы уәкілетті орган;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган;
- 4) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган;
- 5) энергетика және минералдық ресурстар саласындағы уәкілетті орган;

орган;

- 6) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган құрайды.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Туындаған қауіпті өндірістік факторлар және орын алған оқиға туралы ҚОО кімді тез арада хабарландыруы керек?
2. Бес адамнан артық адам қаза болған, топтық бақытсыз жағдайлар орын алған қауіпті өндірістік объектідегі аварияларды тексеруді кім жүргізеді?
3. Аварияларды тексеру комиссиясының міндеттері қандай?
4. Аварияларды тексеру материалдарын ресімдеуге техникалық көмек кімге жүктеледі?
5. Аварияны тергеп-тексеруге байланысты барлық шығыстарды кім көтереді?

міндетті болып табылатын өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарын белгілеу және орындау;

- өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін материалдарды, техникалық құрылғыларды, технологияларды қауіпті өндірістік объектілерге қолдануға рұқсат ету;

- өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат ету;

- қауіпті өндірістік объектілерінің өнеркәсіп қауіпсіздігін декларациялау;

- мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы өндірістік бақылау;

- өнеркәсіп қауіпсіздігін сараптау;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс істеу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау;

- өнеркәсіп қауіпсіздігі мониторингі;

- қауіпті өндірістік объектілерді кәсіби-авариялық құтқару қызметтерімен немесе құрылымдармен қызмет көрсету.

Қауіпті өндірістік объектілерде авария кезінде туындайтын факторларды мөлшерлік анықтау үшін 2008 жыл мен 2014 жыл аралығы кезеңінде Қазақстанда 100-ден артық әдістемелік көрсеткіштер мен ұсыныстар болды.

Өнеркәсіп қауіпсіздігі дегеніміз бұл ең алдымен авария кезіндегі қауіпті өндірістік қорғану болғандықтан, Қазақстанда химиялық, мұнайхимиялық, мұнайгаз қайта өңдеу өнеркәсібі, мұнайгаз және тау-кен металлургия саласы, энергомеханикалық шаруашылық, атом энергиясын пайдаланатын объектілер, нан өнімдері кәсіпорны сияқты қауіпті өндірістік объектілерде рұқсат етілмеген жарылыстар болған кезде, аварияларды тексеру және тәуекелдерді басқару жөнінде әдістемелер бар.

Сонымен қатар ТР ТС ратификациялау, Қазақстан Үкіметі қауіпсіздік саласында жеке өздерінің 5 регламенттерін бекітті:

- ТР «Металлургиялық өндіріс үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» (№41 қаулы, 23.01.2009 ж.);

- ТР «Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын ашық тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» (№1939 қаулы 26.11.2009 ж.);

- ТР «Кенді, кенсіз және ұсақ тау жынысты кен орындарын жер асты тәсілмен игеру үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» (№2207 қаулы 25.12.2009 ж.);

- ТР «Мұнай газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтау үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» (№2231 қаулы 29.12.2009 ж.);

- Электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы (№1356 қаулы 24.10.2012 ж.).

ҚОРЫТЫНДЫ. Бүгінгі таңда Қазақстанда қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалантын, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында мамандарды оқытатын және дайындайтын, сондай-ақ уәкілетті орган тарапынан кәсіпорындардың жағдайын бақылайтын және қадағалайтын және оларды заңды тұлғалар аттестаттаған күшті нормативтік-құқықтық база құрылған. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке жүйелі көзқарас «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру және Евразиялық экономикалық одақ кеңістігінде ел позицияларын нығайту, республиканың қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсіптік секторының тұрақтылығын арттырудың кешенді шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. «Азаматтық қорғау туралы» Заң ҚӨО авариялардың алдын алуға бағытталған ба?
2. Өнеркәсіп қауіпсіздігі қандай жолмен қамтамасыз етіледі?
3. Оқыс оқиға (инцидент) дегеніміз не?
4. Өнеркәсіп қауіпсіздігінің негізгі мақсаты қандай?
5. Өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптары нан өнімдері кәсіпорындарында қолданыла ма?

және аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия шығарған басқа да өкімдер;

-сараптама комиссиясының авария себептері туралы қорытындысы, зертханалық және басқа зерттеулердің, эксперименттердің, талдаулардың нәтижелері қоса беріледі;

3) кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары жұмыскерлерінің, егер олар аварияны жою үшін шақырылған болса, баянхаттары;

4) аварияға қатысы бар адамдарға, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапты лауазымды адамдарға сауал қою және түсініктеме алу хаттамалары;

5) қызмет көрсететін персоналды өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту туралы, оның білімін тексеру жөніндегі, нұсқамадан өтуі туралы анықтамалар;

6) аварияның мән-жайлары мен себептерін сипаттайтын басқа да материалдар кіреді.

Аварияны тергеп-тексеру материалдарын ресімдеуге техникалық жәрдемдесу қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымға жүктеледі. Аварияны тергеп-тексеру материалдары аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны тағайындаған органға дереу жіберіледі.

Аварияны тергеп-тексеру қорытындылары

Аварияны тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым күнтізбелік он күн ішінде бұйрық шығарады.

Бұйрықта аварияның мән-жайлары мен себептері туралы комиссияның тұжырымдары жариялануға, оның салдарын жою жөніндегі шаралар, сондай-ақ мұндай авариялардың алдын алу және жұмыскерлерді жауапқа тарту жөніндегі шаралар белгіленуге тиіс.

Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым аварияларды тергеп-тексеру нәтижелері бойынша ұсынылған іс-шаралардың орындалу мерзімдері туралы жазбаша ақпаратты өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне береді.

Егер авария техникалық құрылғылардың конструкциялық ақауларынан болған болса, қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым оны дайындаушыға рекламация, ал өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне оның көшірмесін жібереді.

Аварияны тергеп-тексеруге байланысты барлық шығыстарды қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым көтереді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қауіпті өндірістік объектідегі аварияны тергеп-тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссияны өзге де негіздер бойынша да құруға құқылы.

Қауіпті өндірістік объектідегі аварияны және авария салдарынан болған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым басшысы, жергілікті атқарушы органның өкілі және кәсіби авариялық-құтқару қызметінің немесе құралымының өкілі кіреді.

Аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары

Аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия төрағасының аварияны тергеп-тексеруге қатысты мәселелер бойынша сараптама тағайындауға құқығы бар.

Сараптама комиссиясы аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия төрағасының өкімімен тағайындалады. Сараптама қорытындысын талап ететін мәселелер жазбаша нысанда қойылады. Барлық мүшелер қол қойған сараптама комиссиясының материалдары аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға комиссия төрағасы белгілеген мерзімдерде ұсынылады.

Аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның тергеп-тексеру барысында оқиғаны көргендерден, лауазымды адамдардан және басқа да адамдардан жазбаша және ауызша түсініктемелер алуға құқығы бар.

Аварияны тергеп-тексерудің міндеттері

Аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия тергеп-тексеру барысында аварияның алдында болған мән-жайларды анықтайды, оның себептерін, техникалық құрылғыларды пайдалану шарттарының, технологиялық процестердің бұзылу сипатын, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуын анықтайды, мұндай авариялардың салдарларын жою және оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды, авариядан келтірілген материалдық нұқсанды айқындайды.

Аварияны тергеп-тексеру материалдары

Аварияны тергеп-тексеру материалдарына:

- 1) аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияны тағайындау туралы құқықтық акт;
- 2) аварияны тергеп-тексеру актісі, оған:
 - авария орнын қарап тексеру хаттамасы, жоспарлар, сызба нұсқалар, фотосуреттер;
 - авария орнының нобайлары;
 - комиссия төрағасының сараптамалар тағайындау туралы өкімі

№124 тақырып: «ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының (69-бабына) сәйкес, Өнеркәсіптік қауіпсіздік техникалық регламенттерде, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында, нұсқаулықтарда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауға бағытталған.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен бекітілген.

Өнеркәсіптік қауіпсіздігі келесі жолдармен қамтамасыз етіледі:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, міндетті болып табылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілеу және орындау;
- 2) қауіпті өндірістік объектілерге технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға жіберу рұқсаты өнеркәсіптік қауіпсіздіктің тиісті талаптарына сәйкес;
- 3) қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға жол беру;
- 3) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін қауіпті техникалық құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол беру;
- 4) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін декларациялау;
- 5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ өндірістік бақылау;
- 6) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы;
- 7) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау;
- 8) өнеркәсіптік қауіпсіздік мониторингі;
- 9) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің немесе құралымдарының қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсетуі арқылы қамтамасыз етіледі.

Қауіпті өндірістік объектілердің белгілері:

1. Өндіріс, пайдалану, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, қауіпті заттарды жою (жарылғыш, тотықтырғыш, жанғыш, тұтанғыш, жоғарыулағыш, уландырғыш, радиоактивті);
2. Қара, түсті, қымбат металдарды балқыту және осы металдар негізінде құю;

3. Тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жару жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жұмыстар және ең аз шикізатты өңдеу, жер асты жағдайларында жұмыс жасау;

4. Қауіпті техникалық құрылғылар: жылу желілері, жүк көтеретін механизмдер, эскалаторлар, аспа жолдардан басқа 0,07мегаПаскалдан артық қысыммен немесе 115 градустан артық Цельсияда жұмыс жасайтын техникалық құрылғылар.

Қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздігін декларациялау

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті міндетті декларациялауға қауіпті өндірістік объектілерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен декларацияланатын объектілерге жатқызу критерийлеріне сәйкес келетін қауіпті өндірістік объектілер жатады.

Декларацияны қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы бекітеді. Қауіпті өндірістік объектіні өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тіркеген декларациясыз пайдалануға тиым салынады.

Қауіпті өндірістік объектілердің және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесі бойынша өзге де ұйымдардың жұмысшылары мен мамандарын дайындау және қайта дайындау.

Қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын, жұмыскерлерін өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлауды, қайта даярлауды қамтамасыз ету қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

Қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыстарға тартылатын аттестатталған ұйымдардың, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша даярлауды, қайта даярлауды қамтамасыз ету осы ұйымдардың басшыларына жүктеледі.

Даярлау, қайта даярлау оқытуды жүргізу және білімін кейіннен тексеру (емтихандар) арқылы жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектілердің, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған ұйымдардың, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардың мамандарын, жұмыскерлерін оқыту және білімін тексеру (емтихандар) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау құқығын беретін аттестаты болған кезде қауіпті өндірістік объектінің немесе оқу ұйымының оқу орталығында жүргізіледі.

Қауіпті өндірістік объектінің технологиялық процесіне қатысатын,

№ 131-тақырып: «ҚҰО АВАРИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР ЕСЕБІ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ»

Қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар және оқыс оқиғалар есебі және тексеру жүргізу тәртібі ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында анықталған, 15-тарау.

1. Қауіпті өндірістік объектіні пайдалануды жүзеге асыратын ұйым оқыс оқиға кезінде:

1) қауіпті өндірістік факторлардың туындағаны және болған оқыс оқиға туралы жұмыскерлерге, төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға дереу хабар береді;

2) бір тәулік ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабар береді;

3) оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді жүргізеді;

4) оқыс оқиғаларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

5) болған оқыс оқиғаларды есепке алуды жүргізеді.

2. Қауіпті өндірістік объектіні пайдалануды жүзеге асыратын ұйым авария кезінде:

1) болған авария туралы объектіге қызмет көрсететін кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарына, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органдарға, ал қауіпті өндірістік факторлар туындаған кезде - төтенше жағдайдың есепті аймағына жататын халыққа және жұмыскерлерге дереу хабар береді;

2) аварияны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияға өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті барлық ақпаратты береді;

3) комиссия жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асырады.

Аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия

Қауіпті өндірістік объектідегі аварияны, авария салдарынан болған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өкілінің төрағалық етуімен комиссия жүргізеді.

Қауіпті өндірістік объектідегі бестен көп адам қаза тапқан топтық жазатайым оқиға болған аварияны тергеп-тексеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік комиссия жүргізеді.

бақылау мен қадағалау тағайындалған мерзімдерде бақылау және қадағалау объектісінің орналасқан жерінде болуға міндетті.

Осы Кодекстің талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жарамсыздығы

Жарамсыз деп танылған тексеру актісі және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды бақылау және қадағалау субъектілерінің бұзушының дәлелдемесі болып табылмайды.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жарамсыз деп тану жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе соттың осы тексеру актісінің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жоюы үшін негіз болып табылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектісінің тексерудің жарамсыздығына байланысты актінің күшін жою туралы және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жарамсыздығына байланысты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы өтінішін қарауы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Осындай өтінімді қарау мерзімін бұзу бақылау және қадағалау субъектісінің пайдасына шешіледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Тексеру жүргізудің ерекше тәртібі қашан қабылданады ?
2. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қандай орган жүзеге асырады?
3. Қандай жағдайларда профилактикалық қадағалау жарамсыз деп танылады?
4. Бақылау және қадағалау субъектілерінің қандай құқықтары бар?
5. Бақылау және қадағалау жүргізу туралы негізсіз шешім үшін кім жауапкершілікке тартылады?

қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын, техникалық қызмет көрсетуді, техникалық куәландыруды, монтаждауды және жөндеуді орындайтын, қауіпті өндірістік объектілерге жұмысқа кіретін, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған ұйымдардағы, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардағы техникалық басшылар, мамандар және жұмыскерлер:

1) қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты лауазымды адамдар, сондай-ақ олардағы жұмыстарды орындайтын жұмыскерлер – он сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқытыла отырып, жыл сайын;

2) техникалық басшылар, мамандар және инженерлік-техникалық жұмыскерлер – қырық сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқытыла отырып, үш жылда бір рет даярлауға жатады.

Қауіпті өндірістік объектілердің мамандарының және жұмыскерлерінің білімдерін тексеруді (емтихандар) ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа тартылатын аттестатталған ұйымдардағы, жобалау ұйымдары мен өзге де ұйымдардағы техникалық басшылар, мамандар және жұмыскерлердің білімін тексеру бекітілген графиктерге сәйкес жүзеге асырылады. Білімдерін тексеруге жататын тұлғалар графиктермен таныстырылуы тиіс.

Аварияларды жою жоспары

Қауіпті өндірістік объектіде аварияларды жою жоспары әзірленеді. Аварияларды жою жоспарында адамдарды құтқару жөніндегі іс-шаралар, авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдары басшыларының және жұмыскерлерінің іс-қимылы көзделеді.

Аварияларды жою жоспарында:

- 1) жедел бөлім;
- 2) аварияларды жоюға қатысатын жұмыскерлер арасында міндеттерді бөлу, іс-қимылдардың дәйектілігі;
- 3) авария болған жағдайда құлақтандырылатын және оны жоюға қатысатын лауазымды адамдар мен мекемелердің тізімі қамтылады.
4. Аварияларды жою жоспарын ұйым басшысы бекітеді және ол кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және (немесе) құрылымдарымен келісіледі.

Оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығулар

Қауіпті өндірістік объектіде ұйым басшысы бекіткен жоспар бойынша оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығулар жүргізіледі.

Ұйым оқу дабылдарын және аварияларға қарсы жаттығулар өткізу

туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жазбаша хабар береді.

Оқу дабылы мен аварияға қарсы жаттығуды ұйым басшысы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының өкілдерімен бірлесіп өткізеді және жазбаша түрде хабарландырылады.

Оқу дабылдары және аварияларға қарсы жаттығуларды уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өкілдерімен және кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және құрылымдарымен бірге ұйымдардың басшылары өткізеді.

Оқу дабылының, аварияға қарсы жаттығудың қорытындылары актімен ресімделеді. Актіде жазылған ұсыныстардың орындалуын бақылау ұйым басшысына жүктеледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты не болып табылады?
2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік қандай жолмен қамтамасыз етіледі?
3. Қауіпті өндірістік объектілердің белгілері қандай факторлар болып табылады?
4. Қандай өндірістік объектілер міндетті декларациялауға жатады?
5. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қандай үйренулер мен жаттығулар өткізіледі?

6. Бірнеше субъектілерді тексеру және немесе профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы бір актіде көрсетілсе.

Қадағалау және бақылау субъектісі немесе олардың уәкілетті өкілдері тексеру және бақылау жүргізу органдары қадағалау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде келесілерге міндетті:

1) Тексеру және бақылау жүргізу органдарының лауазымды тұлғаларының аумаққа ешқандай кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) Коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау талаптарын сақтай отырып, бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін ұсынуға, сондай-ақ тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың міндеттеріне және нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

3) Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

4) Жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталған күні алғаны туралы белгі қоюға;

5) Егер осы Кодексте не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

6) Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін объектіге келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7) Хабарламаны алған жағдайда, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық

3) қадағалау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезеңінде қадағалау және бақылау субъектісінің (объектісінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу;

4) талаптардың бұзылуын шектеу және анықтау, ескерту, алдын алу жөніндегі өкілеттігін дер кезінде және толық көлемде атқару;

5) қадағалау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде қатысуына, тексеру заттарына қатысты мәселелер бойынша түсінік беруіне кедергі келтірмеу;

6) тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу заттарына қатысты қажетті ақпараттарды қадағалау және бақылау субъектісіне беру;

7) қадағалау және бақылау субъектісіне өткізілген тексерудің нәтижесі туралы актіні немесе бұйрықты оған қол қойылған күні не болмаса мерзімді уақытында тапсыру;

8) қадағалау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтер мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Бақылау және қадағалау субъектілерінің немесе олардың уәкілетті органдарының келесі құқықтары анықталған:

1) келесі жағдайларда объектіге тексеру және профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізуге жол бермеу:

1.Тексеру жүргізудің мезгілдерін қадағаламау;

2. Асырып қолдану немесе актіде көрсетілген тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу туралы актіде көрсетілген уақыттың өтіп кетуі;

3. Сол бір мезгілдің ішінде сол қаралған бір мәселе бойынша бұрын тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізілген болса, тексеру және бақылау органдарының профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізуді тағайындауы;

4. Егер алдыңғы тексеруде немесе қадағалау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруде немесе профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде бұзушылық анықталмаған болса, жоспардан тыс тексеру тағайындау;

5. Жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініште немесе хабарламада, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүгінімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін тексеру тағайындалған;

№125-тақырып: «ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДЕ АВАРИЯЛАР БОЛҒАН КЕЗДЕ ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ»

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының (70-бабына) сәйкес, егер ұйымдар өздерінің қызметінде қауіпті заттарды өндіру, пайдалану, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жоюмен айналысатын болса, онда мұндай ұйымдар қауіпті өндірістік объектілерге жатады. Ал қауіпті заттарға мыналар жатады:

- иондаушы сәулелену көздері;

- тұтанғыш, жанғыш және жарылғыш заттар;

- тотықтырғыш және уландырғыш заттар, сондай-ақ қатты әсер ететін улы заттардың (бұдан әрі - ҚӘУЗ) барлық түрлері.

Қауіпті өндірістік объектілердегі (бұдан әрі - ҚӨО), авариялардың болжамсыздығы кенеттен пайда болуы, аудағы ластанған бұлттың жылдам қалыптасуы мен таралуы қорғану бойынша жедел шаралар қолдануды талап етеді. Осымен байланысты халықты ҚӘУЗ-ден қорғау мүмкіндігіне қарай алдын ала ұйымдастырылады, ал авариялар туындаған кезде барынша қысқа мерзімде өткізіледі.

ҚӨО авариялардың нәтижесінде қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен туындаған, негізінен техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар: көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), қатты әсер ететін улы заттардың төгілуімен (төгілу қауіпімен) қатты әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттардан, ғимараттар мен имараттардың кенеттен қирауынан, плотиналардың жарылуынан, тіршілікті қамтамасыз ететін электроэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі авариялардан пайда болады.

ХҚО авариялар кезінде халықты, жұмысшыларды және қызметшілерді қорғаудың негізгі шаралары:

— химиялық қауіпті авариялар туралы хабарландыру;

— уақытша эвакуациялау және адамдарды жасыру;

— химиялық ластану аймақтарында халықтың араласуын және рұқсат етуді шектеу;

— авариялар кезіндегі зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету;

— жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;

— химиялық қорғау режимдерін анықтау және қадағалау;

— адамдарды санитарлық өңдеуден өткізу, аумақты, ғимараттарды, көліктерді, техникалар мен мүліктерді дегазациялау.

ҚӘУЗ-ден халықты қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру

ҚӨО персоналдарын және халықты қорғауды Жоспарлау – авария кезінде ТЖ-ның осы түріне қолданылатын Жоспарлаудың жалпы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспарлау кезінде негізгі назар келесі аспектілерге аударылады:

1. халықты панаханаға жасыру, РҚО, халықты эвакуациялау және ЖҚҚ.

2. Авария күштері мен құралдарын құру және тұрақты дайындықта ұстау.

3. Хабарлаудың жедел жергілікті жүйесі

4. Химиялық зқымдаумен байланысты халықты ТЖ-да әрекет етуге дайындау.

ҚӨО-дегі аварияларды жою және туындауы кезінде өткізілетін шаралар

ҚӨО-дегі авариялар кезінде тікелей ҚӨО өткізілетін, белгілі бір персоналдарды қорғау бойынша аварияларды жоюды жүзеге асыратын жерлерде және зақымдануы ықтимал аудандарда, аталған ТЖ салдарларын жою ісі жүргізілетін жерлерде, белгілі бір ерекше шаралар жүзеге асырылады. ҚӨО АҚ органдары мен басшылары өткізетін шаралар:

1. химиялық жағдайларға (аварияның сипаты, УЗ мөлшері, авариялар болған кездегі метеомәліметтер, жағдайлардың дамуын болжау) экспресс-баға өткізеді;

2. хабарландырндың жергілікті жүйесі бойынша объекті персоналдарын, басшыларын хабарландырады;

3. аварияларды жою үшін шұғыл шаралар қолданылады;

4. ықтимал зақымдану аудандарында АҚ басқару аумақтық органдарын қауіпсіздік туралы ақпараттандырады.

Халықты толық санитарлық өңдеуге: киімдерді, аяқ киімдерді, қорғаныс құралдарын дегазациялау жатады.

Авариялық-құтқару жұмыстары

1. ҚӨУЗ зақымданған аймақтарда зардап шеккен адамдарды іздестіру;

2. Зардап шеккендерге көмек көрсету;

3. Ғимараттарда және панаханаларда тығылған адамдарды газқағарлармен қамтамасыз ету;

4. Зақымдану ошағынан халықты эвакуациялауды ұйымдастыру;

5. Алғашқы медициналық көмек зақымдану орнында, өзіне және өзара көмек, АҚ медициналық қызметкерлерінің көмек көрсетуі жолымен (санитарлық жасақтармен, постармен) жүргізіледі.

6. халықты санитарлық өңдеуден өткізу және техникаларды арнайы тазалау өңдеулерінен өткізу.

Жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Бақылау және қадағалаудың төртінші топқа жататын субъектілері (объектілері) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай, тек қана профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Кәсіпкерлік субъектілер қызметі саласына қатысты топ бойынша мемлекеттік бақылау және қадағалауды, сондай-ақ бақылаудың және қадағалаудың әрбір саласы үшін тәуекелдің жоғары дәрежесіне жататын және тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайтын бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бөлуді, реттеуші мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Тексеру және бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының келесі құқықтары анықталған:

1) тексерілетін объектінің ішіне және аумағына құжаттарын көрсету арқылы кедергісіз кіру;

2) тексеру тақырыбы бойынша немесе қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу үшін қағаз және электронды тасымалдағыштармен құжаттарды (мәліметтерді) немесе тексеру нәтижелері туралы немесе анықталған бұзушылықтарды жою үшін бұйрық көшірмелерін актіге тіркеу үшін алу;

2-1) аудио-, фото- және бейнетүсірілімдерді жүзеге асыру;

3) ведомствоға жататын ұйымдар мен мемлекеттік органдардың сарапшылары мен консультанттарын, мамандарын тарту.

2. Қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау немесе қадағалау жүргізетін тексеру және бақылау мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларына – қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау немесе қадағалау жүргізуге немесе тексеру заттарына қатыссыз өтініштер және талаптар жасауға тиым салынады.

Тексеру және бақылау жүргізу органдарының лауазымды тұлғалары тексеру және бақылау жүргізу кезінде келесілерге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексеруді немесе профилактикалық бақылау және қадағалауды негізге сүйеніп және Қазақстан Республикасының заңнамаларын қатаң сақтау;

үшін реттеуші мемлекеттік органдар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына, тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Реттеуші мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы бекіткен, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдері өздеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау тағайындалған объектілер міндетті түрде көрсетіле отырып, бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты қалыптастырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу тек қана келесі, осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылу фактілерінің туындау себептері анықталған жағдайларда, нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты нақты фактілер бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізу жеткіліксіз болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізуге негізсіз шешім қабылдағаны үшін бақылау және қадағалау органының бірінші басшысы жауапқа тартылады.

Бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) таңдау, тәуекел дәрежесі бағалары өлшемшарттары, тексеру парақтары кәсіпкерлік бойынша уәкілетті органдар бекіткен мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесі қалыптастырған тәртіп негізінде әзірленеді.

Тәуекелдерді бағалау өлшемшарттарының құпиялылығын және ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру ақпараттық жүйелерді пайдаланумен қалыптастырылады. Бұларға қатысты негіздемелер бойынша тексерулер жүргізілетін бақылау және қадағалау үшінші топқа жататын субъектілер (объектілер).

ҚОО-де апаттың таралуы туралы есептелген ауданда тұратын халыққа ұсыныстар

1. ҚӘУЗ-дің қасиеттерімен, ерекшеленетін белгілерімен және әлеуетті қауіпімен таныстыру.

2. «Баршаның назарына!» халықты авария туралы хабарландыратын дабылдың, ерекше сипатын (сиренаның шығу түрі және кәсіпорындардың үздік-үздік шығатын гудоктары);

3. Қауіпті өндірістік объектінің қай жерде екенін анықтау;

4. Оны алған жағдайда әрекет ету, ғимараттарды герметизациялау қағидаларын, азық-түлікті және суды қорғау тәртібін нақтылау. Өзің үшін және өзіңнің отбасың үшін мақта-дәкі таңғыштарын дайындап, қол жетімді жерге қою, сондай-ақ химиялық қауіпті объектіде авария кезінде халықтың әрекет етуі үшін жарнамалар дайындау.

5. ҚӘУЗ-дің тиісті түрлерінен қорғайтын, жеке қорғаныс құралдарын қолданыла білу.

Химиялық авариялар кезінде халыққа ұсыныстар:

1. Радиодан (телевидениеден) дабыл естілген кезде газқағар кию керек. «Баршаның назарына!» дабылы кезінде радиоқабылдағышты және теледидарды қосып, авариялар мен ұсынылатын әрекеттер туралы нақты ақпараттар алу керек.

2. Терезелер мен желдеткіштерді жауып, электржылытқыштарды және басқа тұрмыстық аспаптарды жалпы ортақ ажыратқыштың көмегімен (газдар және булар жарылыс қауіпті болуы мүмкін) ажыратып, пештегі отты сөндіру керек.

3. аяққа рәзіңке етік, желбегей (плащ) кию қажет, балаларды киіндіріп, құжаттарды және қажетті жылы киімдерді, бұзылмайтын азық-түліктің үш күнгі қорын алып, көршілерді хабарландыру және зақымдану ошағынан дүрбелеңсіз тез шығып, бұрынғы орналасу орнынан бастап одан ары бұйрық алғанға дейін, 1,5 км қашықтықта желге қарсы жүру керек.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ұйымдар қандай белгілерімен қауіпті өндірістік объектілерге жатады?

2. Қауіпті заттарға не жатады?

3. ҚОО-дегі авариялар кезінде авариялық-құтқару жұмысын жүргізу тәртібі қандай?

4. «Баршаның назарына!» дабылы қандай тәсілмен беріледі?

5. ХҚО-де авариялар кезінде халық қалай әрекет етуі тиіс?

**№ 126-ТАҚЫРЫП. «ТЕҢІЗДЕ, ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ СУ АЙДЫНДАРЫНДА
ЖӘНЕ САҚТЫҚ АЙМАҒЫНДА МҰНАЙ ТӨГІЛУІ САЛ-
ДАРЫН ЖОЮҒА АРНАЛҒАН ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ІС-
ҚИМЫЛДАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ
ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРЫ»**

Ұлттық жоспар деңгейлері

Теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі – орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнайдың төгілу қауіпі бар объектілері меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандырылған ұйымдардың және теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағындағы мұнайдың төгілуі кезіндегі басқа да мүдделі тараптардың өзара іс-қимыл жүйесі – орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестік жүйесі, авариялық-құтқару қызметтері, мұнай төгілу қауіпін көтеретін объектілердің меншіктері, мұнай төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар және басқа да теңізде ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға мүдделі тараптар. Дайындықты қамтамасыз етудің теңізде ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға әрекет етудің Ұлттық Жоспары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 182, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 мамырдағы № 374 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

бірінші деңгей – мұнайдың төгілу қауіпі бар объектідегі ресурстар арқылы жойылатын мұнайдың шамалы төгілуі (он тонна мұнайдан аспайтын);

екінші деңгей – мұнайдың төгілу қауіпі бар объект ресурстарына қосымша жағалаудан ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың елеулі (орташа) төгілуі (он тоннадан екі жүз елу тоннаға дейін);

үшінші деңгей – мұнайдың төгілу қауіпі бар объект ресурстарына және жағалау ресурстарына қосымша елдегі ресурстар мен халықаралық ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың көп көлемде төгілуі (екі жүз елу және одан да көп тонна).

Ұлттық жоспардың мақсаты Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнай төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету

Мемлекеттік бақылау және қадағалау төрт топ бойынша өткізіледі.

Бірінші топқа өздеріне қатысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі, жоспардан тыс тексерулер, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қолданылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы тәуекел болып табылады.

Тексерулерді бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені тәуекелдерді бағалау жүйесі болып табылады.

Мемлекеттік бақылау және қадағалаудың келесі салаларында тәуекелдің жоғары дәрежесіне жататын субъектілерге қатысты бақылау және қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексеру жүргізудің ерекше тәртібі қолданылады:

- өрт қауіпсіздігі саласында;
- өнеркәсіп қауіпсіздігі саласында.

Реттейтін мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жарты жылдық кесте, тексеру жүргізудің ерекше тәртібін жүргізуді ұйғару үшін негіздеме болып табылады.

Тексеру жүргізудің жарты жылдық кестесіне өзгерту енгізуге жол берілмейді.

Құқықтық статистика және арнайы есептеу саласындағы уәкілетті орган тексеру жүргізудің жарты жылдық мәлімет кестесін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының интернет-ресурсына ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейін және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейін орналастыруы тиіс.

Екінші топқа өздеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы және бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу

**№130-тақырып: «АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДА
МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТӘРТІПТЕРІ»**

2018 жылғы мамырда Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 24 мамырдағы №156 заңы).

Өзгертулер мен толықтырулар кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері регламенттелген ҚР заңнамалық актілеріне (нақты саны - 106) қатысты болды.

Біз бұл мақалада мемлекеттік бақылау мен қадағалауға қатысты жаңадан енгізілгендерді нақты ашып көрсетуге тырыстық.

Осы заңнамалық актілердің негізгі жаңа құқықтық аспектілері міне, мына салыстырмалы талдау кестесінде көрсетілген:

№	Мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың тәртібі және регламенті	
1	дейін	кейін
	Субъектілерді тексеру бойынша 30 497 талап болды	Талаптың саны 17 654 дейін қысқартылды
2	Мемлекеттік бақылаудың 134 саласы болды	Саланың саны 114 дейін қысқартылды
3	Мемлекеттік органдардың 544 нақты және қадағалау қызметтері болды	Мемлекеттік органдардың нақты және қадағалау қызметтері 108 дейін қысқартылды (мемлекеттің және тұтынушылардың тәуекел қауіп-қатері мен қауіпсіздікке байланыссыз және қосалқылары қысқартылды)
4	Ерекше тәртіппен тексеру жүргізу мерзімі - 30 тәулік болды	Ерекше тәртіппен тексеру жүргізу мерзімі - 15 тәулікке дейін
5	Жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі - 30 тәулік болды	Жоспардан тыс тексеру жүргізу мерзімі - 30 тәулікке дейін.

Ұлттық жоспардың мақсаты экологиялық сипаттағы ластануға әкеліп соғатын теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуіне (бұдан әрі – мұнайдың төгілуі) жедел, тиімді және білікті ден қоюды және олардың зардаптарын жою жөніндегі тиісті операцияларды орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық жоспардың негізгі міндеттері:

1) тәуекелдерді бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде қоршаған ортаға және әлеуметтік-экономикалық объектілерге зиянын тигізуге әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтырған мұнайдың төгілуіне ден қою және даярлықтың уақтылы, кешенді және тиімді алдын алу шараларын қамтамасыз ету;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мүдделі ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелері, авариялық-құтқару қызметтері, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін және өкілеттігін айқындау.

Мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз ету:

1) тұрғындардың, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз етуге тартылған адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау;

2) тәуекелдерді бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау (бұдан әрі – ЭЖПТ);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және мұнайдың төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі ең үздік тәжірибеге сәйкестік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Аумақтық жоспар

Аумақтық жоспар жергілікті атқарушы органның, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнайдың төгілу тәуекеліне әкелетін объектілердің меншік иелерінің, сондай-ақ мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың, МАРПОЛ 73/78 күші қолданылатын тұлғаларды қоспағанда, теңізде мұнайдың төгілу тәуекелімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың тиісті облыс аумағында авария нәтижесінде туындаған мұнайдың төгілуіне уақтылы ден қою және оның зардаптарын жою саласында басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылы мен ресурстары интеграциясының тәртібін айқындайды.

Аумақтық жоспарларды осы Ұлттық жоспарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері әзірлейді және жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағына сәйкес жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын Аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидаларына сай Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасының аумақтық сулар шегіндегі облыстардың шекаралары Атырау және Маңғыстау облыстарының Каспий теңізі жағалауы құрлығындағы әкімшілік шекараларының түйіскен нүктесін ескере отырып, солтүстік ендіктің 46 градус сызығына параллель сызық ретінде анықталады.

Аумақтық жоспар бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдары аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнай төгілу қауіпі бар объектілері меншік иелерінің, мұнайдың төгілуін жою бойынша мамандандырылған ұйымдардың және өзге де мүдделі тараптардың өкілдері тартылады.

Аумақтық жоспар мына жағдайларда:

1) мұнайдың төгілуі екінші деңгейге жеткенде және оны жою үшін жер қойнауын пайдаланушының, теңіз объектінің, теңіз портының және (немесе) ол тартып отырған теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымның ресурстары жеткіліксіз болса;

2) мұнай кемеден төгілген немесе кемедегі мұнайдың төгілу қатері болса;

3) шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі анықталса;

4) мұнайдың төгілуі Каспий теңізінің қорық аймағының ластануына қатер төндіргенде;

5) мұнайдың төгілуі шектес облыстың аумағына тарала бастаған жағдайда қолданысқа енгізіледі.

Объектілік жоспар

Объектілік жоспарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келісілгеннен кейін теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелерімен бекітеді және бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлама тәртібімен көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Авария дегеніміз не?
2. Құбырларды пайдалану кезеңінде бақылауды қалай жиі жасауға болады?
3. Бұрғылау қондырғысында қандай журналдар жүргізіледі?
4. Процестерді жүргізу технологиясын анықтайтын құжат қалай аталады?
5. Бұрғылау процесінде қандай параметрлер бақыланады?

(аумақтарды) өткізу барысында қол жеткізілген деректердің негізінде жүзеге асырылады.

Құбырды пайдалану

Құбырларға қызмет көрсету, осы Қағидаларға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Әрбір қондырғы (цех, өндіріс) бойынша құбырлардың тізімі жасалады және технологиялық регламент жетілдіріледі. Әрбір қондырғы құбырларына, блок сызбаларға арналған пайдалану журналы жасалады. Құрамында күкіртті сутегі бар орталарда жұмыс істейтін құбырлар – техникалық жағдайын бағалау мақсатында мерзімділікпен тексерілуі және бақылануы тиіс.

Жоғары қысымдағы құбырлар үшін, мерзімдік сынақтар мен куәландыруларды есепке алу журналы жүргізіледі. Жұмыс температурасы 4000С және одан жоғары болатын көміртекті және кремний-марганецті болаттан жасалған құбырларда, хром-молибденді болаттан (жұмыс температурасы 5000С және одан жоғары) және жоғары шынықтырылған аустенитті болаттан (жұмыс температурасы 5500С және одан жоғары) жасалған құбырларда қалдық деформациялардың артуын бақылау жүзеге асырылуы тиіс.

Құбырларды пайдалану кезеңінде құбырлардың жағдайын және олардың элементтерінің (пісірілген жапсарлардың, фланецтік қосылыстардың, арматураның), коррозияға қарсы қорғаныс пен оқшаулау қабатының, дренаж құрылғыларының, теңгергіштердің, тірек құралымдарының жағдайын тұрақты түрде бақылау жүзеге асырылуы тиіс және нәтижелері ай сайын пайдаланушылық журналға жазылуы тиіс.

Құбырлардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Мерзімдік бақылау барысында келесілер тексерілуі тиіс:

1) құбырлардың техникалық жағдайы – сырттан көзбен шолу арқылы, ал жүктелген телімдері, жоғары деңгейдегі коррозиялық және эрозиялық тозған жерлері – бұзбай бақылау әдістерімен;

2) алдыңғы тексеру бойынша ескертулердің себебінің жойылуы және құбырларды қауіпсіз пайдалану жөніндегі шаралардың орындалуы;

3) құбырларға қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу жөніндегі техникалық құжаттаманы жүргізудің толықтығы мен тәртібі.

Объектілік жоспарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келісу мерзімі жүгінген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

Теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері объектілік жоспар әзірлеу мақсатында мұнай төгілу қауіпін бағалау мен ЭЖПТ өткізеді.

Мұнай төгілуі қауіпін бағалау өткізу кезінде Халықаралық теңіз ұйымы (ИМО), Мұнай-газ өнеркәсібі өкілдерінің экология және әлеуметтік мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастығы (ИПЕСА), Теңізде мұнайдың, химиялық өнімдердің және өзге де зиян заттардың төгілуін жою жөніндегі танкерлік флот иелерінің федерациясы (ИТОПФ), Материалдар және оларды сынау бойынша америкалық қоғамдастық (ASTM), Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) әзірлеген халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды пайдаланылады.

Теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жоюдың ЭЖПТ негізінде оңтайлы әдістерін айқындау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 156-бабының 5-тармағына сәйкес анықтаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың бірінші және екінші деңгейдегі төгілуін жою үшін өздерінің жеке ресурстары болмаған кезде теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарт жасайды.

Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою үшін ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында халықаралық деңгейде танылған, білікті персоналы және тиісті жабдығы бар, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйыммен шарт жасайды.

Мұнай төгілуін жою кезіндегі ұлттық басқару құрылымы

Консультациялық-кеңесші органның функциялары мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою кезінде Ұлттық жоспар шеңберінде Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға (бұдан әрі - ВМК) жүктеледі.

Мұнай төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдың басшысы:

1) мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуі кезінде - мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектінің меншік иесі немесе теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі ол тартқан мамандандырылған ұйымдар;

2) мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуі кезінде:

- тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгенге дейін - мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектінің меншік иесі немесе теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі ол тартқан мамандандырылған ұйымдар;

- тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгеннен кейін - облыс әкімі тағайындайтын лауазымды тұлға;

3) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезінде - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайтын азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы болып табылады.

Мұнай өнімдерінің төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдардың басшысы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) авариялық-құтқару және жедел жұмыстарын ұйымдастыру және басшылық ету, мұнайдың төгілуін жоюға тартылған күш пен құралдарды басқару, олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

2) мүдделі мемлекеттік органдарды және ұйымдарды қабылданған шешімдері туралы кідірмей ақпараттандыру бойынша шаралар қабылдау;

3) авариялық-құтқару және жедел жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, бірінші кезекте төтенше жағдай аймағында қалған адамдарды құтқару бойынша барлық мүмкіндіктерді қолдана отырып, жұмыстың толық немесе бөлігінің тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды;

4) жедел штабты құру туралы шешім қабылдайды және жедел топтарының қажетті санын құруды келіседі және олардың төтенше жағдай аймағындағы жұмысын үлестіреді;

Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі жедел штабы:

1) мұнайдың төгілу сипатын бағалауды, мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдардың басшысына мұнайды оқшаулау және жою бойынша ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектінің меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың іс-әрекеттерін үйлестіреді.

Жедел штабының бастығы мынадай функциялар және міндеттерді жүзеге асырады:

1) жедел штаб мүшелерінің жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;

Ұңғымаларды бұрғылау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

Ұңғыманы бұрғылау ұңғыманың құрылысына арналған бекітілген жоба, геологиялық-техникалық жүктелім және іске қосу конференциясының акті болған жағдайда басталады.

Пайдаланушылық қордың жұмыс істемей тұрған ұңғымаларын қалпына келтірген және кейіннен құрылымы мен тағайындау мақсаты өзгертілетін жаңа оқпанды өткізумен байланысты ұңғымаларды жаңғыртқан кезде ұңғыма құрылысына арналған жоба әзірленеді.

Бұрғыда келесі журналдар:

1) вахталық;

2) геологиялық;

3) бұрғы ерітіндісі параметрлерінің;

4) түсіру-көтеру операциялары (бұдан әрі – ТКО) кезіндегі еселеп құю мен химиялық реагенттердің шығындарын есепке алу;

5) дизельдердің жұмыс істеу мотосағаттарын есепке алу;

6) бұрғылау бағанын өлшеу;

7) кашауларды сынау;

8) таль арқаны атқарымының;

9) техникалық суды және өнеркәсіптік бұрғы ағындарын тұтынуды есепке алу;

10) ауа ортасын бақылау журналы жүргізіледі.

Ұңғыманы бұрғылау барысында су, мұнай және газ горизонтының бар болуын, барлық стратиграфиялық горизонт бойынша қабаттық және кеуекті қысымдардың бар болуын және геологиялық сипаттамаларын нақтылау бойынша оны зерттеп тексеру жүргізіледі.

Бұрғылау барысында келесі параметрлер бақыланады:

1) диаграммада тіркеле отырып, ілмектегі салмақ;

2) бұрғы ерітіндісінің геологиялық-техникалық жүктелімге сәйкестігі;

3) ұңғыманың кіре берісі мен шыға берісіндегі бұрғы ерітіндісінің шығыны;

4) бұрғы сорғыларының манифольдасындағы қысымы;

5) ТКО және тоқтап тұру барысында ұңғыманың сағасындағы және бұрғылау барысында қабылдау ыдыстарындағы ерітіндінің деңгейі;

6) ротордағы айналу кезі;

7) бұрғы ерітіндісіндегі газдардың шоғырлануының көрсеткіштері.

Ұңғымаларды бұрғылау әдістері мен тәртіптемелерін, кашаулардың типтерін таңдау – геологиялық және жақында орналасқан ұңғымаларды

құрылысы кезінде, осы объектілердің қауіпсіз жұмыс істеу, локализациялау және болжамды апатты жағдайларды төмендету бойынша шарттарды қамтамасыз етуге міндетті және келесілерді қарастырады:

- 1) қауіпсіз қашықтықтарды есепке алумен, МГКО орналасуы;
- 2) қауіпсіз пайдалану бөлігінде жабдықтарды таңдау негіздемесі;
- 3) ұңғымалардың өнімдерін жинау, дайындау және тасымалдау жүйесі, зиянды заттар мен ілеспе газды пайдаға асыру;
- 4) технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ТП БАЖ);

5) қауіпті және апатты жағдайлардың алдын алу жөніндегі сақтандыру және белгі беру құрылғылары, бұғаттаулар, апатқа қарсы қорғану жүйесі;

6) қауіпті факторларды ерте анықтауға арналған дабылдама және ауа ортасын бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің құралдары;

7) авариялық байланыс пен құлақтандырудың тұрақты өндірістік және автономдық жүйелерін ұйымдастыру;

8) объектілерді автоматтандыру және телеметрикалық бақылау;

9) қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

10) өндірістік қалдықтарды, жанармайды, зиянды және уытты заттарды бейтараптандыру және пайдаға асыру;

11) ұңғымаларды, объектілерді қауіпсіз бұрғылау, игеру, сынақтан өткізу, зерттеу, тоқтатып қою және жою жағдайлары;

12) сынақтардың әдістері мен технологиясы;

13) объектінің жарылу және өртену қауіпі көрсеткіштерін ескере отырып, қауіпті және авариялық жағдайлардың туындау ықтималдығын бағалау;

14) жабдықтарды, құбырларды, металл құралымдарды бүлдірмей бақылау және коррозияға қарсы қорғау әдістерін қолдану.

Ғимараттарда, құрылыстарда, үй-жайларда құбырларды жер астымен төсеуге рұқсат берілмейді.

Өндірістік және тұрмыстық объектілер ауа алмастырумен, жылытумен, су жабдықтаумен және кәріз жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Өндірістік ғимараттар мен қондырғы аумақтар үшін технологиялық ағындарды, жер асты суы мен нөсер суын бұру үшін жабық өнеркәсіптік кәріз жүйелері жобаланады.

Өнеркәсіптік кәріз желісі бойымен құдықтарда орналасқан гидравликалық ысырмалар көзделуі тиіс.

2) топтарды ұйымдастырады;

3) жедел топтарының қажетті санын құрайды және олардың мұнай төгілуінің төтенше жағдай аймағындағы жұмысын бөледі;

4) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдар басшысын жедел жағдай және мұнай төгілу салдарын жою бойынша атқарылып жатқан авариялық-құтқару жұмыстарының барысы туралы хабардар етеді;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдарының және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарының өзара іс-қимылын ұйымдастырады және қызметін үйлестіреді.

Жедел штабы мынадай топтардан тұрады:

1) ақпарат өңдеу;

2) шешімдерді дайындау және күш пен тәсіл есептеу;

3) өзара іс-қимыл;

4) ақпараттандыру және байланыс;

5) мониторинг және болжау;

6) баспасөз қызметі.

Мұнай төгілуін жою әдістері

ЭЖПТ негізінде мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін қолдану мүмкіндігі туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ су қорын қорғау және пайдалану, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады. ЭЖПТ негізінде мұнай төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін таңдау және шешім қабылдау кезінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны барынша қорғауды басшылыққа алу қажет.

Мұнай төгілуін жою стратегиясының негізгі қағидаттары:

1) мұнайды жинау және тазарту мұнайдың төгілуін жоюдың механикалық әдістерімен жүзеге асырылады, егер бұл әдіс іс жүзінде қолданылса;

2) мұнайды жинау төгілу көзіне мүмкіндігінше жақын жасалады;

3) мұнайдың жағаға жақын жерге және қауіпсіздік аймағына тарауына жол бермеу;

4) егер механикалық жинау және тазалау тиімсіз болса немесе оларды қолдану мүмкін болмаса, химиялық заттардың пайдаланылуы және мұнай дағының жағылуы қарастырылады;

5) жағалау ресурстарын және сақтық аймағын қорғау кезінде мұнайдың төгілуіне экологиялық тұрғыдан аса сезімтал аймақтар басым болып табылады;

6) қоршаған ортаға зиян келтірудің әсерін азайту және әлеуметтік-экономикалық зардаптарын кеміту;

7) мұнайдың төгілуі және оның зардаптарын жою бойынша барлық шаралар ЭЖПТ негізінде жүзеге асырылады.

Теңізде, Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін мына әдістер қолданылады:

1) қадағалау және бағалау;

2) су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда);

3) мұнай дағын бақылап жағу;

4) химиялық құралдарды қолдану;

5) сақтық аймағын қорғау және тазарту.

Мұнайдың төгілуін жоюды аяқтау және есептілік

Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі операция басталған сәттен бастап ол аяқталғанға дейін жедел штаб барлық жедел іс-қимылдарға және қадағалауларға құжаттама жүргізеді.

Жедел іс-қимылдар мен қадағалау жазбасына, сондай-ақ қаржылық есепке алуға мыналар кіреді:

1) мұнайдың төгілуін сипаттау (фотолар мен мүмкіндігінше бейне-материалдарды қоса алғанда);

2) қабылданған шешімдер мен жүзеге асырылған ден қою шаралары;

3) ден қою операциялары кезінде жұмсалған барлық шығыстар туралы есептер;

4) ден қою операциясының барысы туралы (орны, уақыты, мақсаты);

5) жабдықтар және басқа да пайдаланылған құралдар туралы (орны, уақыты, мақсаты);

6) жалданған персонал туралы (орны, саны, уақыты);

7) пайдаланылған ден қою материалдары мен басқа да пайдаланылған материалдар туралы (мысалы, отынның түрі, оның мөлшері, пайдалану мақсаты).

Жергілікті атқарушы органның жедел штабы мұнайдың төгілуін жою бойынша операция аяқталғаннан кейін мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-қимыл басшысының келісімі бойынша есеп дайындайды.

Жергілікті атқарушы органның жедел штабы есепте:

1) мұнайдың төгілуіне әкеп соққан аварияның сипаттамасы және оның дамуын;

2) қабылданған ден қою шараларының сипаттамасын;

№129-тақырып: «МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР ҮШІН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Негізгі ұғымдар

Мұнай және газ өнеркәсібі салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығымен бекітілген.

1) авария - ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

2) ақаулық – жабдықтың, объектінің, құрылыстың жұмысқа қабілеттілік күйінің қысқа мерзімге бұзылу нәтижесінде технологиялық режим өзгермеген оқиға;

3) оқыс оқиға – қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бұзылуы, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектіде технологиялық процестің режимнен ауытқуы;

4) рұқсат беру-наряд – жұмыс істеп тұрған кәсіпорын аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде ресімделетін жұмыстар өндірісіне әрекеттегі кәсіпорыннан туындайтын өндірістік қауіпі бар немесе туындауы мүмкін тапсырма;

5) технологиялық регламент – технологиялық процесті немесе оның жекелеген кезеңдерін (операцияларын) жүргізу тәртібін, өнім өндірісінің режимі мен технологиясын, жұмыстың қауіпсіз шарттарын белгілейтін, техникалық басшымен бекітетін құжат;

6) топырақ үйіп қорғану – қауіпті сұйық заттардың төгілуінен қоршаған территорияны қорғау үшін құбыр жолының сызықтық бөлігінің жекелеген телімдері, сорғы станциялары, резервуарлық парк айналасындағы қоршау қабырғалары немесе жер білігі түріндегі құрылыс.

Мұнай, газ, газконденсаттық кен орындарын жайластыру жобаларын әзірлеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

Азаматтық қорғау саласындағы инженерлік-техникалық шаралар, көмірсутек кен орындарын жайластыру объектілерін жобалау мен

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Адамдарды құтқару бойынша шаралар қарастырылатын құжат қалай аталады?
2. ХҚО қандай АҚҚ қызмет көрсетеді?
3. Хабарландырудың бірыңғай сигналы қалай аталады?
4. ҚӨО кәсіби авариялық-құтқару қызметінде АЖЖ жыл сайын қай мезгілде келісімге ұсынылады?
5. Қауіпті өндірістік объектілердің басшыларының техникалық шешімі міндетті болып табыла ма?

- 3) шетел мемлекеттері ұсынған көмекті сипаттау мен бағалауды;
- 4) ден қоюдың барлық операциясын бағалауды;
- 5) ден қою кезінде туындаған проблеманы сипаттау мен талдауды;
- 6) қазіргі шараларды, атап айтқанда Ұлттық жоспардың ережелерін жақсарту мүмкіндігі туралы ұсынымдарды;
- 7) мұнайдың төгілуіне ден қою уақытында келтірілген шығындарды есептеуді;
- 8) мұнайдың төгілуінен болған экологиялық және экономикалық зиянды бағалауды көрсетеді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ұлттық жоспар қандай орталық атқару органдарының бұйрығымен бекітілген?
2. Ұлттық жоспардың міндеттері қандай?
3. Мұнайдың төгілуін жоюға кім басшылық жасайды?
4. Мұнайдың төгілуін жоюдың қандай әдістемелері бар?
5. Мұнайдың төгілуін жою стратегиясының қандай негізгі қағидалары бар?

№127-тақырып: «ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІ ҚАУІПТІЛІГІНІҢ ЖАЛПЫ ДЕҢГЕЙІН АЙҚЫНДАУ»

Қауіпті өндірістік объекті қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 бұйрығымен бекітілді.

Негізгі ұғымдар:

- 1) жалпы қауіптілік деңгейі – қауіпті өндірістік объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының кешенді көрсеткіші;
- 2) жұмысқа қабілетсіз (авариялық) жағдай – өндірістік ғимараттар мен технологиялық құрылыстар құрылымының тіректік қабілетінің жоғалуы туралы куәландыратын, ал шаралар қабылданбаған жағдайда бұзылуға алып келетін техникалық жағдайы;
- 3) жұмысқа қабілетті жағдай – өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қанағаттандыратын өндірістік ғимараттар мен технологиялық құрылыстар конструкцияларының техникалық жай-күйі;
- 4) өндірістегі жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызметтік)

міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындау кезінде қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын, нәтижесінде қызметкердің өндірістік жарақат алған, денсаулығының күрт төмендеген немесе уланған, уақытша немесе мүлдем еңбек қабілетінен айырылуына не қаза болуына алып келетін қауіпті өндірістік факторлардың қызметкерге зиянды әсер етуі;

5) өндірістік ғимарат - тұйықталған көлем түзетін тіректік және қоршау немесе біріктірілген (тіректік және қоршау) конструкциялардан тұратын, өнеркәсіптік өндірістерді орналастыруға, адамдардың еңбек етуі мен технологиялық жабдықтардың, қауіпті техникалық құрылғылардың пайдаланылуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған құрылыс жүйесі;

6) технологиялық құрылыс – тіректік, ал жекелеген жағдайларда қоршау конструкцияларынан тұратын және әр түрлі өндірістік процестерді орындауға, материалдарды, бұйымдарды, жабдықтарды сақтауға, адамдардың уақытша болуына, адамдар мен жүктердің орын ауыстыруына арналған көлемді, жазық немесе жер үсті желілік немесе жер асты құрылыс жүйесі;

7) қауіпті техникалық құрылғылар:

Оларды бақылауды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган жүзеге асыратын, қауіпті өндірістік объектілерде пайдаланылатын 0,07 мегаПаскальдан аса қысыммен немесе судың 115 градус Цельсийден аса қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, фуникулерлер, лифтілер.

Жалпы қауіптілік деңгейін айқындау тәртібі

Қауіпті өндірістік объектінің жалпы қауіптілік деңгейі осы қауіпті өндірістік объектінің қауіпті өндірістік факторларының зиянды әсерінен жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қорғалуының жай-күйін сипаттайды.

Қауіпті өндірістік объектінің қауіптілік деңгейін айқындау мынадай көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) өндірістік ғимараттардың, технологиялық құрылыстардың жай-күйі;
- 2) техникалық құрылғылардың жай-күйі;
- 3) қауіпті техникалық құрылғылардың жай-күйі;
- 4) орын алған авариялар;
- 5) орын алған оқыс оқиғалар;
- 6) өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілігі;
- 7) соңы өлімге алып келген өндірісте болған жазатайым оқиғалар.

жою кезінде қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы басшылық етеді.

Қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы аварияларды жоюға байланысты бұйрықтарды құтқарушыларға кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері және құрылымдары басшылары арқылы ғана бере алады.

Адамдарды құтқару және аварияларды жоюға бағытталған, қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысының шешімі, кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері басшыларына, авария аймағында қалған ұйымдар мен азаматтарға, орындау үшін міндетті болып табылады.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері және құрылымдарының басшылары авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті толық және нақты ақпаратты алады.

Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда қауіпті өндірістік объектінің техникалық басшысы алғашқы кезекте төтенше жағдайлар аумағында қалған адамдарды құтқару бойынша қолдан келген шараларды жасай отырып, алғашқы көрсетілген жұмысты толығымен немесе ішінара тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдайды.

«Дабыл» сигналы бойынша аварияға шығу тәртібі, аварияларды жоюға қатысатын жедел бөлімдер саны және авариялық-құтқару жұмысын орындауға қажетті жабдықтардың тізімі қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші қызмет көрсетуші ұйымдардың АЖЖ негізінде анықталады.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері және құрылымдардың жүргізетін алдын алу жұмысы, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші қызмет көрсетуші ұйымдардың адамдарды құтқаруға және табиғи және техногенді сипаттағы аварияларды жоюға, өртке қарсы қорғау, қосымша шығу орындарын ұстап тұруға, АЖЖ қауіпті өндірістік объектілерде қызмет көрсету ережесінің дұрыстығына сәйкес дайындықты анықтауға бағытталған.

Аварияларды жоюға және оқшаулаумен байланыссыз техникалық жұмыстар, олардың салдарларын кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері және құрылымдары арнайы қорғаныс құралдарын қолданумен және (немесе) оларды қолданбай, қауіпті өндірістік объектілер аумағында да және оның сыртында да, соның ішінде көлікте жүргізеді.

Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдар жылына 1 рет, өткен жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей кәсіби-авариялық құтқару қызметіне және құрылымдарына аварияны жою жоспарын (АЖЖ) ұсынады.

Кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдары ұсынылған АЖЖ алған кезден бастап он күнтізбелік күннің ішінде оны қарап, тексеріп шығады.

Кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдары қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдарына қызмет көрсету кезінде:

1) кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері **«Дабыл!»** сигналы бойынша аварияларды жоюға және авариялық құтқару жұмыстарын істеуге шығу үшін тәулік бойы дайын тұрады;

2) жеке құрамның авариялық құтқару жұмыстарын орындауы кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелерінің басшыларына сөзсіз бағынумен жүргізіледі;

3) авариялық құтқару жұмыстарын жүргізу қауіпті өндірістік объектілердің техникалық басшылары көрсетілген жұмыстарды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға шешім қабылдағаннан басқа уақыттың бәрінде толық аяқталғанға дейін жүргізіледі.

Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдарына қызмет көрсетуді, кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері жүзеге асырады, олар келесі құрамнан тұрады:

1) кәсіби авариялық-құтқару бөлімшелері;

2) кәсіби авариялық-құтқару взводтары;

3) кәсіби авариялық-құтқару отрядтары.

Кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелері аппаратуралармен, жабдықтармен, штаттық запас материалдармен және автокөліктермен кәсіби авариялық-құтқару қызметінің нормаларына сәйкес жабдыкталады және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен кинологиялық қызметпен қамтамасыз етіледі.

Авариялық-құтқару қызметтерін жүргізу

Авариялық-құтқару жұмыстары табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қауіпті өндірістік объектілерде авариялар аймағында қалған адамдарды іздестіру және құтқару әрекетін жүргізу, оларға шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, оқшаулау және қауіпті факторларға әсер етудің ең аз деңгейіне дейін жеткізу немесе мүлде жою мақсатында өткізіледі.

Қауіпті өндірістік объектілерде авариялық-құтқару жұмыстарын

Қауіпті өндірістік объектінің жалпы қауіптілік деңгейін қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым есептеу әдісімен жылына бір рет айқындайды:

1) $K_{ғқ}$ – қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарының, технологиялық құрылыстарының жай-күйі көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{ғқ} = (n_1 - n_2) / n_3$$

мұнда: n_1 – жұмысқа қабілетсіз (авариялық) жай-күйдегі немесе есептік жыл басына 50 %-дан астам тозығы бар өндірістік ғимараттардың, технологиялық құрылыстардың саны;

n_2 – есептік жыл соңына конструкцияларының жұмысқа қабілеттілігі қалпына келтірілген өндірістік ғимараттар мен технологиялық құрылыстар саны;

n_3 – қауіпті өндірістік объектінің өндірістік ғимараттарының, технологиялық құрылыстарының жалпы саны.

2) $K_{тқ}$ – техникалық құрылғылардың жай-күйі көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{тқ} = (n_4 - n_5) / n_6$$

мұнда: n_4 – есептік жыл басына дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет (пайдалану) мерзімін өтеген техникалық құрылғылар саны;

n_5 – есептік жыл соңына өзінің нормативтік қызмет мерзімін өтегендер ішінен ауыстырылған техникалық құрылғылар саны;

n_6 – ұйым есебінде тұрған техникалық құрылғылардың жалпы саны.

3) $K_{қтқ}$ – қауіпті техникалық құрылғылардың жай-күйінің көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{қтқ} = (n_7 - n_8) / n_9$$

мұнда n_7 – есептік жыл басына нормативтік қызмет мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғылар саны;

n_8 – есептік жыл соңына қызмет мерзімін ұзартуға арнайы тексеруден өткен, техникалық куәландырудың (гидравликалық сынау, толық техникалық куәландыру) оң нәтижелері және бұдан әрі қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі туралы сараптама ұйымының қорытындысы бар қауіпті техникалық құрылғылар саны;

n_9 – ұйым есебінде тұрған қауіпті техникалық құрылғылардың жалпы саны.

4) K_a – орын алған авариялар көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_a = n_{10} / 10$$

мұнда: n_{10} – ағымдағы жыл ішінде қауіпті өндірістік объектіде орын алған авариялар саны.

5) K_i – орын алған оқыс оқиғалар көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_i = n_{11}/100$$

мұнда: n_{11} – жекелеген технологиялық желілердің немесе технологиялардың 6 сағаттан астам уақытқа жұмыс істемей тұруына алып келген, есептік жыл ішінде қауіпті өндірістік объектіде орын алған оқыс оқиғалар саны.

Қауіпті өндірістік объектінің жалпы қауіптілік деңгейі бойынша ақпаратты қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне есептік жылдан кейінгі 15 қаңтардан кешіктірмей ұсынады.

а) P_{3c} – өндірістік ғимараттардың, технологиялық ғимараттардың жағдайы;

б) $P_{ту}$ – техникалық құрылғылардың жағдайы;

в) $P_{оту}$ – қауіпті техникалық құрылғылардың жағдайы;

г) $P_{а}$ – болған авариялар;

д) $P_{и}$ – болған оқыс оқиғалар;

е) $P_{нс}$ – өндірістегі бақытсыз жағдайлардың жиілігі;

ж) $P_{ст}$ – өндірістегі адам өліміне апаратын бақытсыз жағдайлар;

з) $U_{оп}$ – объектідегі қауіптің жалпы деңгейі.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қауіпті өндірістік объектідегі қауіп деңгейі қандай көрсеткіштермен айқындалады?

2. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын, ұйымдардың жалпы қауіп деңгейі бойынша ақпараттар қашан беріледі?

3. n_6 нені білдіреді?

4. Техникалық құрылғылардың жағдайлары қауіптілік деңгейлерін көрсетуге жата ма?

5. Өндірістік ғимарат дегеніміз не?

№128 тақырып: «КӘСІБИ АВАРИЯЛЫҚ-ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ, ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӘНЕ (НЕ-МЕСЕ) ИЕЛЕНУШІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдарының, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдардың қызмет көрсету қағидасы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №343 бұйрығымен бекітілген.

Негізгі ұғымдар

Аварияларды жою жоспары – аварияларды жою жоспарында адамдарды құтқару жөніндегі іс-шаралар, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшыларының және жұмыскерлерінің іс-қимылы көзделеді. Аварияларды жою жоспарында: жедел бөлім; аварияларды жоюға қатысатын жұмыскерлер арасында міндеттерді бөлу, іс-қимылдардың дәйектілігі; авария болған жағдайда құлақтандырылатын және оны жоюға қатысатын лауазымды адамдар мен мекемелердің тізімі қамтылады. Аварияларды жою жоспарын ұйым басшысы бекітеді және ол кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және (немесе) құралымдарымен келісіледі.

2) «**Дабыл!**» сигналы – сирена немесе басқа сигналдық құралдар арқылы берілетін, кәсіби авариялық-құтқару қызметінің жедел бөлімшелерін дайындыққа келтіруге тарту және құрылымды және кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдарының, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдардың қызметінің авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және аварияларды жоюға шығу үшін хабарландырудың бірыңғай сигналы;

3) кәсіби-авариялық құтқару қызметі – құрылымдардан немесе құрылымнан тұратын авариялық құтқару қызметі, штаттық негізде жұмыс істейтін және біліктілік талаптарына сәйкес келетін құтқарушылар.

Кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдарының, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдардың қызмет көрсету тәртібі.

Кәсіби-авариялық құтқару қызметі және құрылымдарының, қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланушы және (немесе) иеленуші ұйымдардың қызмет көрсетуі шарт жасасу негізінде жүзеге асырылады.